

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 34 (519)
24 тамыз, 2023 жыл

АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



«СЫР ҮМІТІ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр атырапта талай мықты өмірге келді. Атақты Табылды «Біздің қырда төбешіктей аналар, дүниеге таудай ұлдар әкелген» деген өлең жолдарымен-ақ әр өңірдің тұлғаға бай екенін жеткізіп еді ғой. Бүгінде аралық Ақмешіттің ақ үмітін арқалап, Сыр-Ананың алдындағы перзенттік парызын өтеуді мақсат еткен дарынды жастардың бір шоғыры «Сыр үміті» жинағына енді. Бұл қатар қоғамның түрлі салаларында еңбек етіп, ел дамуына титтей де болса үлесін қосып жүрген белсенділермен толыққан.

Бүгінде елімізде жастарға барлық жағдай жасалып келеді. «Жастар – елдің қозғаушы күші» деген халық даналығын ескерсек, бұл – болашақтың жарқын болуына жасалған қадамдардың бірі. Жинақта облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың алғысөзі жарияланған.

«Өділетті, жаңарған Қазақстанның даму көрсеткіші де жастардың дамуымен, болашаққа сенімді адам болып қалыптасуымен өлшенетіні белгілі. Президент ұсынған «Тәуелсіздік ұрпақтары» ұлттық жобасы, «Жаңа адамдар» жастар қозғалысын қуру жөніндегі бастамалары да мемлекетті түбегейлі жаңғыртып, ел дамуының еңселі кезеңіне қадам басудың бірден бір жолы деп есептеймін. Облысымыздың құрылғанына 85 жыл толуына орай жастардың өз ынтасымен, белсенділігімен жүзеге асып, жинақ болып жарық көріп жатқан бұл кітап сырбойылық жастардың сериалдық анықтамалығының басы деп санаймын. Жастарды тануға, замандастарына үлгі етуге мұндай кітаптар керек. Сырдың үкілеген үміті әрдайым үмітті ақтайды деп сенемін», – делінген алғысөзде.

Ұйымдастырушылар қоғамның түрлі салаларында табысты еңбек етіп жүрген 120-дан астам жасты қамтыған бұл жинақ болашақта жалғасын табатынын жеткізді.

«Жастық жаспен өлшесең – өмір мәңгілікке созылатын келешек, қарттықпен өлшесең – зымырап өте шығатын өткен шақ. Ақындар жығға қосқан қайран жиырма бестен соң өтіп бара жатқаны сезілмейтін орда бұзар отыз жас, қамап алар қырық жас кезегімен келгенде өлшеулі өмірдің мағынасы мен мәні ойландыра бастайтыны даусыз. Толқынды – толқын, ойды – ой қуған сондай сәттерде қолыңыздағы бұл кітап біздің кейіпкерлеріміздің алғаусыз албырт шағының әдемі естелігі болып қаларынан үміттіміз. Тұңғыш рет түрлі саланың үздіктерін жинақтап отырған осынау пилоттық жоба алдағы ұяқтап жалғасын табатынына сенеміз», – дейді Айжан Абдуллаева.

Жинаққа енген жастардың бірі – Тұрғанбек Бекұзақ. Ол – Шиелі ауданындағы №47 М.Ломоносов атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Кәсіби жетістіктерге жетіп жүрген

жас маманның шәкірттері де білім аламында ат оздырып келеді. Тұрғанбек үміт арттарлар қатарынан көрініп, жинаққа енгеніне қуанышты.

«Өрине, аспаңға атқан малақайымыз таяу маңда төмен түскелі тұрған жоқ. Жаңа оқу жылы басталғалы жатқанда бұл бір ерекше құрмет болды. Сыр-Ананың үмітін арқалаған бір перзенті ретінде ел дамуына әлі де сүбелі үлесімізді қоса бермекпіз. Еңбекті елеп жатқан ұйымдастырушыларға алғысым зор», – дейді Т.Сыздықұлы.

Табандылық танытып, өзін биіктен көрсетіп жүрген ел жастарын алда да жарыққа шығар жинақтардан көруге асықпыз.

Дәулет ҚЫРДАН

ЖАС ҚҰРЫЛЫСШЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ



Саз балшықтан сәулет соғып, қаланың көркін келістіруде күш салатын құрылысшы мамандығының маңызы зор. Маңайына да маңдай терін төге жұмыс істеуімен құрметті болатыны содан. Құрылымда қолынан іс келетін қызметкер болса, жұмыста да жүйесіздік болмайтыны белгілі. Жас құрылысшылар арасында өткізілген «Тас қалаушылар» байқауының жеңімпазы Нұрәулет Жолмахан да тәжірибелі маман екенін дәлелдеді.

– Қиын да күрделі құрылыс саласын таңдауыңызға не түрткі болды?

– Жастайымнан жұмысқа бейім болып, тірліктен тыс қалмадым. Қызу еңбекте қарап қалмайтындықтан құрылыс саласына бет бұрдым. Икем мен ептілік болса, кез келген істі ұршықша иіріп әкетуге болады. Қажыр-қайратты талап ететін салада жүргеніме 6 жыл.

Меніңше, ерге еріншектік тән емес. Сондықтан отбасының асыраушысы болған соң қол қусырып қарап отыруға болмайды. Жан-жаққа жалтақтап, өзеге қол жайып қипақтамас үшін әрекет еткен абзал. Түптеп келгенде, терлеп еңбек еткенімде ғана тілегіме жететінімді білемін. Оның үстіне оңай олжамен емес, адал жолмен ақша табу абырой.

– Байқауда қатысушылардан көш ілгері болып, жеңіске жеттіңіз. Бұл еңбек жолындағы алғашқы жетістігіңіз бе?

– Иә, мұндай байқауға алғаш қатысуым және алғашқы жетістігім. Қайнаған тірліктің бел ортасында жүріп, халық игілігін көретін нысанның кірпішін қалағанымның өзі жеңіс деп білемін. Өрине, еңбегімнің еленіп, еншіме жеңіс бұйырғанына да қуаныштымын.

– Қолдың қажыры мен төгілген тердің нәтижесінде түрлі нысандар салынады. Құрылыс біткеннен кейін қандай сезімде боласыз?

– Жүктелген жұмысты абыроймен атқарып, белгіленген уақытта аяқтай алсақ, сол қуаныш. Мүдделі бір жоспарды тиянақты жүзеге асырсақ, шүкіршілік етеміз. Іргелі істің іргесін қаласақ ілгері жылжу болатыны ақиқат. Түрлі нысан, сәулетті ғимарат салуға тапсырма берілгенде тас-түйін етіп орындауға бекінетініміз де содан. Сондай-ақ, сапасына да салғырт қарамай, ісімде ілік болмауын назарға аламын. Қала бейнесінің қандай екені ғимаратынан-ақ белгілі болады. Сондықтан қос қолдың

қайратымен қаланған қайсыбір нысанға көпшілік таңданыспен қарап, игілігін көрсе босқа тер төкпегеніміз ғой.

– Құрылыс – қауіп-қатердің ортасы екені белгілі. Жазатайым оқиғадан жапа шегу бек мүмкін. Ойды қорқыныш билеген сәттер болды ма?

– Расымен де кез келген нысанның биігі көкпен таласады. Арнайы құрылысмен жоғары көтеріліп, төмен түсіп жүріп жұмыс істейміз. Иә, кейде қорқыныш болады. Соған қарамастан мұндай кезеңде кідіріс жасап, қолды бір сілтеп кетпеймін. Тіпті тосыннан техникалық құралдан да зақым келуі мүмкін. Бармақты шайнап кететін, болмаса аяққа түсіп жаныңды көзіне көрсететін қиындық та кездесуі мүмкін. Десе де осы саланы таңдап, қалап келгендіктен міндетімді мінсіз атқарғым келеді. Егер қалт-құлт етіп тұрсаң, істеген істің де берекесі кететіні даусыз.

– Кірпіш қалау мен таңдауда әлдебір кемшілікті байқайсыз ба? Жалпы тас қалау технологиясымен бөліссеңіз...

– Жұмыс барысында құрылыс материалынан немесе жұмыстан кемшілік байқамادым. Негізі істің көзін таныған адамға қиын нәрсе жоқ. Тас қалау үшін алдын ала керекті құралдарды дайындап, ретімен кірпіш

қалап, түзулеп өріп шығамыз. Сондай-ақ, кірпіш мүжіліп, сылақ түспесі үшін материалдардың мықты болғаны дұрыс. Яғни материалдардың беріктігі, ұзаққа шыдамдылығы, өртке төзімділігі маңызды. Ерітінді жеке тастарды біртұтасқа біріктіреді, олардың біркелкі берік болуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар жел өтуден және ылғал енуден қорғайды. Негізгі процеске – жасанды немесе табиғи тастардан жасалған кірпішті ерітіндіге төсеу, ал қосалқы процеске – төсеніштер орнату, материалдар өзірлеу, арматура салу және т.б. жатады.

– «Құрылыс – қоғамның айнасы» дейміз. Қала келбеті қиранды емес,

сәулетті болуы үшін сала мамандары нәнді қателік жібермеуі керек?

– Алдымен сапаға аса мән беру керек. Содан соң уақытылы құрылыс материалдардың жеткізілуін негізге алған жөн. Бастысы, құрылысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек.

Әңгімелескен
Нәзік ҚОНЫСЖАН



«TED Q» ЖОБАСЫ ҚОҒАМҒА ТИІМДІ

Қашан да тын жобаның тынысы көң болатыны сөзсіз. Мақсатты бастама медресіне мейлінше тез жетіп, жарапалықтардың болмақ. Мемлекетке қатысты өңір мәселелерін мін бөзден көтеріліп, түпдеу коммуникативтік жобаның маңызы зор. Осы ретте өңірлік коммуникативтік жобасын қолға алды. Қоғамның дамуына бағытталған «TED Q» телевиклипы жобасын қолға алды. Жобаның басты спонсорлары – өңірлік коммуникативтік жобаның маңызы зор. Осы ретте өңірлік коммуникативтік жобасын қолға алды. Президент тапсырмаларын жүзеге асыруда қандай қолдаулар қажет деген өзге де тақырыптар аясында ой бөлісу.

Талға барысы тартысып отыратын аған емес. Құралған мәселеге қатысты шынықпашылармен идея ұсынады. Түйінді тақырып төңірегінде ой ерсіліп, бір-бірмен пікір алмасап, бағытты бағалыма келуді маңызды етеді. «TED Q» телевиклипы жобасын қолға алды. Қоғамның дамуына бағытталған «TED Q» телевиклипы жобасын қолға алды. Жобаның басты спонсорлары – өңірлік коммуникативтік жобаның маңызы зор. Осы ретте өңірлік коммуникативтік жобасын қолға алды. Президент тапсырмаларын жүзеге асыруда қандай қолдаулар қажет деген өзге де тақырыптар аясында ой бөлісу.

Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

ТІРКЕУ МЕН ТАҢБА: ЧИПТЕУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?



Жеті қазының біріне балаған иттің адамзатқа көмегі көп-ақ. Күні бойы кірпік ілместен күзетіп, жатты көрсе жатырқап үреді. Яғни, бөтенді бірден танып, дыбыспен белгі беретіні содан. Тіпті қылмыстық істе ізкесуші болатын иттің қабілеті талай алаяқты әшкере қылған-ды. Бірақ «құтырған ит иесін қабады» деген тәмсілді жоққа шығаруға да болмас. Жайшылықта жаппай жұртты жаралауға көшкені көңілдегі күдік пен қорқынышты көбейтті. Иесі иелік етпеген соң көше кезген иттің жер-жерде топтасып жатқанын көз көрді. Азүтісін ақсита көрсеткенде бала тұрмақ ересектің зәре-құты қалмайтыны анық. Қысқасы, қарғыбауға көнбейтіндерге қарғыс жаудыратындар бар. Бауыр еті баласының жанұшыра жылағанын көруге кімнің жүрегі шыдасын?! Егер асырап алған үй жануарына жауапкершілікпен қарасақ залалын ешкім де тартпас еді. Ветеринардың кеңесіне қаншалықты құлақ түріп жүрміз? Қатаң қағиданы қаперге алып жүрген кім бар? Ал ит-мысықты тіркеу жұмысы жүгенсіздікті жоя ма?

Қоғамда итке қатысты екіұшты пікір бар. Бірі үй жануарларына жауыздық танытуды айып көрсе, алыстан атылатын шабуылына ашынғандар көзін құртуды құп санайды. Себебі екі күннің бірінде итке таланып төсекке таңылған, яки өліммен арпалысқан бүлдіршін саны артып келеді. Дегенмен заң

бойынша итке себепсіз зәбір көрсетуге тыйым салынған. Адамның айнымас серігіне айналған итке қаншалықты аяушылық білдірсек, баланың қауіпсіздігіне де қырын қарамағанымыз игі.

1 қыркүйектен бастап «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» ҚР Заңына сәйкес

мысықтар мен иттерге чип тағу және оларды арнайы есепке қою міндетті болмақ.

–10 мысығы, 5-6 иті болса да есепке қою керек. Бұл міндеттен жалтарғандар жауапқа тартылады. Себебі, адамдар үй жануарларына жауапкершілікпен қарауы тиіс. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 407-1, 407-2-баптарында жеке тұлғаларға 10 айлық есептік көрсеткіш, заңды тұлғаларға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген. 1 жылдың ішінде есепке қоймағаны анықталған жағдайда айыппұл көлемі 2 еселенеді», – деді Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің бас сарапшысы Талғат Ердешев.

Қазақстандықтар үшін электронды жүйеге жануарлары туралы ақпаратты енгізу тегін. Дегенмен, чип тағу үшін мысық пен ит иелері өз қалтасынан ақша төлеуі тиіс. Оны өтеуге мүмкіндігі жоқ әлеуметтік осал топтағы азаматтарға қызмет түрі тегін көрсетіледі.

Төтеннен тап беретін төртаяқтыларды тіркеуге тірнектеп жиған қаржысын беруге ешкімнің құлқы жоқ. Ал жауапты мамандар келесі айда түгелдей таңба салыну керектігін тілге тиек етті. Басын ала қашқандарды анықтауда төртіп сақшылары іске кіріспек. Бұл далада деңбайбат көрсететін ит-мысықтың қаңғы емес, иесі барын, оның мекен-жайын білуге сеп болады. Жұмыс жүйесін тапса жұртшылық та «жұқпалы ауру» деп жүрексінебей, «құтырма» деп қорықпаушы еді. Өйтпегенде көшені торуылдап, қоқыспен қоректенетін ит-мысық қоғамға қауіпті.

– Есік алдында асыраған итім бар. Қазір ұры-қары көбейген

заманда төтеннен келсе төбетті көріп, айылын жияр деген ой ғой. Бірақ ешқашан итті бос жіберіп, қарап отырған емеспін. Себебі, әлдекімнің жапа шеккенін қаламаймын, тек кешкілік қарғыбауымен қосақтап алып жүремін. Бекітілген заң жайында естітім, чип енгізу ақша екен. Ит емес, онға жуық мысық асырап отырғандар да бар. Сонда қалтасы көтермесе қарғыны қайдан таппақ? Талапты сақтап отырғандарға жеңілдік болса ғой, – деді М.Алдияр.

Тіркеудің өзі түбегейлі шешілмеген тәрізді. Қолдаудан нарызылық басым. Тіпті жауапкершіліктен жалтарғандар асыраған үй-жануарын өзі-ақ сыртқа жіберуі ықтимал екендігі айтылуда. Мәселен, Астана қаласындағы 2 панажайдың бірі тұрғындардың шағымымен жабылған. Жалғыз қалған панажайда 2,5 мың ит, 100-ден аса мысық бар. Әлеуметтік желідегі зообелсенділер егер міндетті есепке қою басталса қаңғыбас ит пен мысықтың қатары күрт көбеюі мүмкін екенін алға тартады. Өйткені көпшілік жауапкершіліктен қашып, үй жануарларын көшеге шығарып жіберіп жатады. Ал олай болған жағдайда мына жалғыз панажай жеткіліксіз болуы мүмкін.

Өңірімізде бұл жағдай қалай жүзеге аспақ? Айталық. Облыстық ветеринария басқармасының мәліметіне сай, үй жануарларын (ит-мысық) есепке алу бұйымдарын (құралдарын, чип, сканер) пайдалана отырып ақылы негізде жүргізіледі. Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес, бюджет қаражаты есебінен тегін

жүргізіліп, дерекқор базасына енгізіледі.

Есепке алынған жануарлар иесі үй жануарлары өлген кезден бастап 14 тәуліктен аспайтын мерзімде бұл туралы республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдары, ветеринария саласындағы емдеу профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға хабарлауға міндетті.

Үрейді ұдеткен қаңғыбас иттің көбеюіне де себеп көп секілді. Өйткені өңірімізде қараусыз қалған ит-мысықтарды есепке алу үшін арнайы уақытша ұстау орындары мен панажайлар салынбаған. Жауапты мамандардың айтуынша, осы жұмыстарды іске асыруға қала және аудан әкімдіктері тарапынан уақытша ұстау орындары мен панажайлар салуға жер телімін бөліп, құрылысын жүргізуге қаржы қарастыруда.

Иесіз иттің мәселесі майшаммен қарайтын жағдайға жетті. Таныс-тамырының таланғанынан өзегі өртенгендерді көріп, ахуалдың өзекті екенін мойындамасқа амал қалмайды. Қоғам қауіпсіздігін қаузағанда жасалған әрекеттің нәтижесі нанымды болса дейсін. Негізі үлкендер балаға ит пен мысық жайында айтып, қадірін құлаққа құяды. Мысықты мыңғылап, итті тәпкілему керекін түсіндіріп, обал-сауабы барын жеткізеді. Бірақ сол иттің балақтан тартып, аяқтан талағаны жаман. Сондықтан «кім кінәлі?» деп күмілжімей, әркім асыраған ит-мысығына жауапты болса бөрі оңалар.

Замира ҚОНЫСЖАН

БИЛЕТ ҚАМДАНҒАННЫҢ ҚАЛТАСЫНДА

Оқу жылының басталуына аз ғана уақыт қалды. Өзге қалада оқитын студенттер билетті ерте алмаса алыпсатардың қолына қарап қалады. Ал мұндай сарсаңға түскісі келмейтіндер уақытын үнемдеп ұшаққа отырады. Бірақ халықтың әлеуметтік жағдайы бірдей емес. «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз хатшысы Нариман Дүйсекеевтің айтуынша, Ұлттық тасымалдаушы компания халықтың сұранысын қанағаттандыра отырып, «Күту парағы» қызметін іске асырып келеді.

кезекке ерте емес пойыз жөнелтілгенге дейін 2 сағаттан кешіктірмей тұра алады. Бос орындар пайда болған кезде жолаушы жеке кабинетте орындарды сатып алу қажеттілігі туралы ақпаратты, сондай-ақ SMS хабарлама алады. Бұл қызмет ilet.railways.kz сайтында жұмыс істейді, сондай-ақ оны билет кассасында пайдалануға болады. Жолаушылар пойызына жол жүру құжаттарын алдын ала сату бұрын түсіндірілгендей, пойызды қалыптастыру және оның айналымы сансаларынан жүзеге асырылады, – дейді ол.

БАҒА БАҒАМЫ НЕМЕСЕ ЕСКІНІҢ САРҚЫНШАҒЫ

Жолаушылардың теміржол десе жүйкесі жүндей түгіледі. Себебі вагонның жөнді жабдықталмауы сапаға сын тағуға тағы бір себеп. Кеңес кезінен қалдырап қалған вагон іші зажда қапырық болатыны белгілі. Тозығы жеткен рельстің де жолдан тайқып, апаттың апанына апаратыны да содан. Өлсін-өлсін тоқтаса тасбақаның жүрісінен баяу болмағанда несі қалды? Сондықтан құр сұлдерін сүйретіп жүрген вагонды жаңарту жайын қарастырған абзал. Иә, салқындатқыштан жел есіп, қуаттағыш тоғына дейін қамтамасыз етілген вагондар жоқ емес. Десе де жағдайы келіскен сайын бағасы аспандай түседі. Сондықтан тозығы жеткенді жаңартып, ортақ бағаға ойысқан жолаушыға жеңіл болар еді. Өйтпесе баяу жүрістен маңызды кездесуін кейінге қалдырып, уақытын шығындап жатқанның шағымы көп. «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ бұған салмақты сұраққа жауап берді.

–«Жолаушылар тасымалы» АҚ жыл сайын жолаушылар вагондары паркін жаңартып отырады.

2010 жылдан 2021 жылға дейін 1100-ден астам вагон, оның ішінде 600-ден астам Talgo вагондары сатып алынды. Биыл 73 жаңа вагон сатып алу жоспарлануда.

2024-2029 жылдар аралығында 500-ден астам жоғары технологиялық вагондар сатып алу жоспарлануда, олар ауа баптау жүйесімен, экологиялық таза дәретхана кешендерімен, электр розеткаларымен, USB порттарымен, бейнебақылау камераларымен және т.б. жабдықталған, – деді.

Жоспар бойынша бәрі жүйелі. Игілігін көруге иек артқан жұрттың жаны жай тапса болғаны. Өйтпесе жоқ жерден ілік іздеп, шүйлігуге ешкім құлықты емес.

– Өлгінде ғана жаңа пойызға міндім. Жағдайы жөнді. Өйтпесе алдыңғысында жүгімді қоятын жер таппай өүреге түстім. Студент болғандықтан кейде қысқы киімді қоса алып кетемін. Арнайы орынға шабаданым сыймай қиналатыным бар. Тіпті кейде билет тапшы деп, орналасқан соң орынның көптігін көріп таңқалатыным. Содан кейін билетті ертерек өзіме ыңғайлы вагоннан онлайн түрде алып жүрмін. Қазір билет бағасы да қымбаттады ғой, – деді студент Ж.Мұқан.

Иә, пойыз билеттері биыл 7%-ға өскен. Өуеліде басталған жеңілдікте де жүйе үзілген.

– Өткен жылы динамикалық баға белгілеу тарифін енгізген едік.

Жолаушыларға билетті ерте сатып алуға мүмкіндік бердік. Бізде билеттерді сату 45 күн бұрын басталады. Егер азамат билетті сатылым ашылғаннан күннен бастап 10 күн ішінде сатып алса, оған 25 пайыз жеңілдік жасалды. Ал

егер билет жол жүруге аз күн қалғанда сатып алына, онда билет керісінше 25%-ға қымбатқа сатылды. Мұндай тариф былтыр 1 маусымға дейін болды. Өте ыңғайлы жүйе болғандықтан, адамдар билетті жеңілдіктен ертерек сатып ала бастады, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ басқарма төрағасы Жәнібек Тайжанов.

ДЕПУТАТ ДЕЛДАЛДАРҒА ҚАТЫСТЫ НЕ ДЕЙДІ?

Қолдан тапшылық туындататын өккі алыпсатарлар жұртты жарылқауға әуес. Жаны ашығаннан емес, қалтасын қалыңдату үшін, әрине. Баруына тапқанымен, қайтарына билет таппай дал болатындар тағы бар.

– Темір жол саласында төртіп жоқ. Жылдағы әуен – барлық бағытқа билет жоқ. Вокзалға барсаң, билетті қымбат бағамен делдалдардан сатып аласың. Оған көнбесең, коммерциялық кассадан бөрібір комиссиясы үшін тағы қымбат билет алуға мәжбүрсің. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрін» келтіргендерге ешбір тыйым жоқ. Айналып келген кезде жұрт жемқорлықтың салдарын тартып отыр. Бір адамдар байып, халық жалаңаштанып жатыр. «Атапай» партиясына, депутаттарға да жолаушылар тарапынан жиі арыз-шағым келеді», – дейді ол.

Сондықтан жемқорлық жайлаған жолаушылар тасымалын бір жүйеге келтіріп, құзырлы орындардың іске кірісу керектігін тілге тиек етті.


– Қазір техниканың да мүмкіндігі зор. Қайта-қайта бір төлқұжатпен көп билет алына, анықтап тексерілу керек. Алыпсатарлар мен жекеменшік кассалардағы заңсыз әрекеттерге бақылау жасауды ретке келтірген жөн. Өйтпегенде қазір «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның жекеменшік кассаларды тексеруге құзыреті жоқ. Өйткені мораторий бар. Оларды тексерсе заңсыз екенін айтып, өздерінің үстінен арызданады. Қазір осы мүмкіндікті жекеменшік кассалар пайдаланып, беталды жұмыс істеп жатыр. Мысалы, вокзал кассаларында билет бағасын қымбат сатуға болмайды.

Сондықтан олар өзара келісіп, билеттерді жекеменшік кассаға өткізеді. Вокзалға барсаң, делдалдар өз аттарына алынған билеттерін сатып, басқа адамның атына аударып, сауданың көрігін қыздырып жүр. Халық амал жоқ алады. Ұшақ билеті одан да аспандап тұр, – дейді Қайрат Балабиев.

Түйіндей келе, жүрдек пойызда жүйе болғаны ләзім. Қара жолда болатын қайғылы оқиға көбеймей, жолаушы төзімі түгесілмесін.

Нәзік АХМЕТ

ЖҮРДЕК ПОЙЫЗДА ЖҮЙЕ БОЛСА...



ОТА АНЕСТЕЗИОЛОГСЫЗ ӨТПЕЙДІ



– Алдымен анестезиологтың міндеті, жауапкершілігі қандай екенін айтсаңыз...

– Анестезиолог – хирургиялық процедурадан бұрын дәрігерге, медбикеге көмектесетін маман. Нақты айтқанда, ота кезінде анестезиологиялық құрал-жабдықтарды, материалдарды және препараттарды дайындауға және қолдануға көмектеседі. Міндетіне хирургиялық процедураға дейін, операция кезінде және одан кейін көмек көрсету және оған жүктелген міндеттерді орындау кіреді. Сондай-ақ науқасты бөлмесінен ота жасау бөлмесіне көшіруге, олардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету де міндетіне жатады. Ота алдында науқасқа анестезия туралы толық түсіндірме жүргізеді. Ота қалай жасалатынын, отаға қалай дайындалу керекін, қорқынышты жеңу қажеттігін тарқатады. Науқастың қосымша ауруларына мән беруді де естен шығармаймыз. Себебі науқастың отаға толыққанды дайын болуын қадағалау шарт. Керекті тағайындамаларды жасаймыз. Содан соң аурухананың стандартына сай операция процедурасының бекітілген хаттамасы арқылы жұмыс жасалады. Яғни, науқас операция үстеліне алынғаннан кейін жансыздандыру басталады. Науқасқа ота жасалған соң, оята бөлмесіне көшеді. Науқас толық өз қалпына келгеннен кейін емдеу

палатасына ауысады. Қазіргі таңда медицинада жақсы наркоздық препараттар бар. Соның нәтижесінде науқас жеңіл оянады, сол себептен көп адамдар өзін терең ұйқыдан ояғандай сезінеді. Кейде операцияның қиындығына байланысты наркоз берілетін сәттер болады. Мұндай уақытта бірден емдеу палатасына емес, қарқынды емдеу бөліміне көшіріледі.

– Қандай жағдайда науқасқа наркоз салынбайды?

– Наркоз берер алдында науқастың ауыз қуысы, асқазаны, ішегі толық тазаланады. Жүйке жүйесін тыныштандыратын дәрі беріледі. Жіберілетін дәрінің мөлшерін аппарат арқылы бақылап, тамырдың соғуын, қан қысымын өлшеп отырамыз. Өйткені науқастың организмді жіберілген дәріге реакция беріп, анафилакстік (естен тану) болуы немесе наркоз беретін түтік тыныс жолдарын жарақаттап, ауаның өтпей қалуы мүмкін. Науқаста көптеген дәрігерлерге аллергия болғанда наркоз салынбайды. Себебі біз науқастың денсаулығына кері әсер тигізе алмаймыз. Декомпенсиялық қан тамырларының бұзылысы орын алмауын қадағалаймыз.

– Ота жасау сәтінде наркоз әсер етпеген жағдай кездесті ме?

– Отадан кейін біраз уақытқа дейін есін жия алмай



Анестезиолог туралы көп біле бермейміз. Ол наркоз салумен ғана шектеледі деп ойлаймыз. Алайда отаға дейін де, кейін де бұл маманның атқарар қызметі, өзіне жүктелген міндеті ұшан теңіз. Кейіпкеріміз Ғабит Тілеубергенұлы осы саланы серік еткен. Қазір Қызылорда қаласындағы көпбейінді облыстық ауруханасының анестезиология ренимация бөлімшесінде дәрігер қызметін атқарады.

жатқан уақыттар болды. Ол организмге байланысты. Адам ағзасындағы антихолинэстераза ферментінің жеткіліксіздігі болған жағдайда орын алады. Дегенмен ота жасау сәтінде наркоз әсер етпеген жағдай кездеспеді. Себебі біз отаға дейін көп тексеріс жүргіземіз. Анализ тапсырылады, қатан бақылау жүреді. Наркоздың мөлшері әр адамның салмағына байланысты өлшеп салынады. Отадан кейін ес жия алмай, өз-өзіне келе алмай қалыпты жағдай. Біз осы этаптан өтеміз дегенше тер төгеміз.

Себебі науқастың денсаулығы, өзін жақсы сезінуі аса маңызды.

– Сұқбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Мөлдір САБЫРЖАН

Фармацевтика – табысты сала. Себебі адам бар жерде фармөнім сұранысқа ие бола береді. Одан түсетін пайда да мол. Сапа, одан соң саланың даму қарқыны да алдыңғы орында болу керек. Десек те бірер жыл бұрын коронавирус пандемиясы отандық фармацевтиканың жай-күйін көрсетіп берді. Елімізде дәрі-дәрмек тапшылығы қатты сезілді, дәріханада самсап тұратын «аспирин» мен «парацетамолдың» өзі қат болды. Бұл жайт отандық фармацевтиканың бүгінгі жайын ашып бергендей. Ал қазір олқылықтың орны толды ма, күрмеулі мәселелер шешілді ме? Елге дәрі-дәрмек қай елден келіп жатыр, импортқа тәуелділіктен қалай құтыламыз? Сан сауалдың жауабын тарқатсақ.



жұмыс жүріп жатыр. Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана – отандық өнім. 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу міндеті тұр. Бұдан бөлек, Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасында ірі және өзекті инвестициялық жобалар тапшылығы бар. Негізінен ЕАЭО-ның алға қойған мақсаты – ортақ дәрі-дәрмек стратегиясын, нарығын құру. Бұл мәселе 2017 жылдан бастап қолға алынып жатыр. Зерттеу нәтижелеріне қарасақ, бұл одақтағы дәрі-дәрмек өндірісінің 91,2 пайызы Ресейге тиесілі.

Беларусь – 6%,
Қазақстан – 2,2%,
Қырғызстан – 0,05%,
Армения үлесі

«Фармацевтикалық өнім өндірісін одан әрі ынталандыру үшін АЭА аумақтары мен қызмет түрлері кеңейтіледі. Ғылыми зерттеу және тәжірибелік жұмыстар шеңберінде фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамытудың перспективалық секторын айқындау бойынша орта мерзімге болжам жасалып, талдау жүргізіледі. Өнім сапасын арттыру және көлеңкелі экономиканы азайту үшін дәрілік заттарды таңбалау мен қадағалау бойынша пилоттық жоба енгізіледі. Сондай-ақ міндетті таңбалауға жататын тауарлар тізбесі кеңейтіледі. Дәрілік заттарды таңбалау және оның балама тәсілдерін енгізу кезеңдері айқындалады» делінген деректерде.

Фармацевтика саласын зерттеп жүрген экономист Перизат Орынбет те салаға қатысты әлемдегі өзгерістер мен елдегі қарқын жайын тарқатты.

– Жоғары сұранысқа ие бұл саладан көл-көсір пайдаға кенеліп отырғандардың көшін әдеттегідей АҚШ пен Еуропа елдері бастайды. Фармацевтикалық өнімдерді ең көп экспорттайтын елдердің алғашқы ондығына Германия, Швейцария, Бельгия, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Ирландия, Италия, Нидер-

алты, Швейцарияның екі компаниясы бар. Ал біздегі фармацевтика нарығы Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары өте баяу дамыды. Себебі ол жеке меншікте болды, мемлекет қарауында болмады. Әркім қолынан келгенше бұл саланы дамытып жүрді. Тек 2000 жылдары фармацевтика нарығын дамыту қолға алына бастады. Мемлекет бұл саланы дамыту тұрғысында көптеген бағдарлама ұсынды, солардың нәтижесінде бүгінгі таңда фармацевтика нарығы 100 млрд теңгенің өнімін беріп отыр. Ал 2000-шы жылдары бұл көрсеткіш 37 млрд теңге болған, яғни қазір 3 есеге өскен, – дейді экономист.

Қалай десек те, қарқын бар, бірақ сол қарқынды күшейту күн тәртібінен түспеуі қажет. Жалпы, отандық өндірісті дамыту үшін ең алдымен, жаңа дәрілік заттарды мемлекеттік реттеу рәсімін жеңілдету, өндірістік қуаттылықты арттыру маңызды. Ол үшін кәсіпорындарға мемлекет тарапынан оңтайлы бизнес-климатты қалыптастыру, отандық өнімге мемлекет тарапынан сұранысты арттыру, еңбек нарығын техникалық, химиялық, фармацевтикалық білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету, шет елден фармацевтикалық шикізаттар әкелуге қажетті құжаттарды минимумға жеткізу сияқты іс-шаралар жалғасуы керек-ақ. Саланы кадрлық қамтамасыз ету үшін еліміздің ЖОО-ларында мемлекеттік білім беру тапсырысымен мамандар даярлау да саланың болашағын айқындайды.

А.СНАДИН

ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКА ОҢАЛДЫ МА?



бүгінде дәрі өндірісі Алматы облысы, Алматы мен Шымкент қалаларында өскені байқалады. Осы үш аймаққа елімізде шығарылатын дәрі-дәрмектің 90 проценті тиесілі. Шымкент «Химфарм» АҚ-ның жылдық қуаттылығы 600 млн тонна таблетка мен капсуланы, 193,8 млн инъекциялық ерітінді ампуланы, 2,6 млн сұйықтық ерітінді құтыны және 35,4 млн цефалоспорин тобындағы антибиотиктердің ұнтақ түріндегі құтыны құрайды. Ал Алматы қаласындағы «Нобел АФФ» АҚ-ның қуаттылығы – жылына 750 млн таблетка, 250 млн капсула, 20 млн шырын мен суспензия құтылары және 10 млн крем мен гель шығарады. Соңғы деректер бойынша еліміздегі фармацевтика саласы ақшалай эквивалентте 863 млрд теңгені құрап отыр. Соның арасында отандық тауар өндірушілер үлесі 162,6 млрд теңгеге арқан.

Статистиканы сөйлетсек, бүгінгі таңда елімізде 97 өндіруші жұмыс істеп жатыр. Оның 34-і дәрі шығарумен айналыса, 41-і медициналық мақсаттағы заттарды, 22-сі медициналық техника жасауды меңгерген. 8 мыңнан аса дәріхана бар. Бірақ оларды отандық өніммен қамту деңгейі 13 проценті ғана екен. Қалғанын сырттан аламыз, яғни дәрі-дәрмектің 87 проценті – импорт. Фармацевтикалық өнім шығаратын ірілі-ұсақты отандық 79 кәсіпорын тіркелген. Негізінен елде шығарылатын дәрілердің 90 проценті ірі 6 зауытқа тиесілі көрінеді. Олар – «Химфарм», «Глобал Фарм БК», «Нобел АФФ», «Ромат», «Нұр-Май Фарм» және «Қарағанды фармацевтикалық кешені». Бұған қоса біз дәрі-дәрмекті әлемнің 80 мемлекетінен сатып аламыз. Олардың ішінде Германия, Франция, Ресей, Үндістан, Швейцария, Италия, Словения және АҚШ негізгі елдер. Деректерге сүйенсек, пандемия кезінде, яғни алғашқы төрт айда еліміз аталған мемлекеттерден 345,9 млн долларға дәрі-дәрмек сатып алған.

Денсаулық сақтау вице-министрі Жандос Бүркітбаевтың айтуынша,

0,19%. Одақтан қорықпауымыз керек, керісінше соңғы 3-4 жылда бізде өсім бар. Бұл бағытта Ресей Федерациясымен жүйелі ынтымақтастық орнаған. Тек соңғы 2 жылдың ішінде ғана бірқатар ірі өнеркәсіптік жоба жүзеге асты», – деді вице-министр.

Сондай-ақ фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында отандық зертханаларды дамыту бойынша жеке нормативтік құқықтық база әзірлеу көзделген. «Отандық өнімнің баға жағынан бәсекеге қабілетін арттыру үшін мемлекеттік қолдау шаралары әзірленеді. Онда дәрілердің клиникалық сынақтарын жүргізуге кететін шығынды қайтару ел аумағында өндірілмейтін шикізатты импорттауға арналған шығынды таңбалау және субсидиялау қарастырылатын күн алыс емес.

ланды және Испания енеді. Мысалы, АҚШ-тың «Johnson & Johnson» фармацевтикалық компаниясының нарықтағы капиталы 372 млрд долларға бағаланады. Дәрі-дәрмекті сатудан алдына ешқандай компанияны салмайтын бұл фармацевтикалық алпауыт 2019 жылы 82 млрд долларға сауда жасады. Сөйтіп, бір жылда 17 млрд доллар таза табыс тапты. Табысы көл-көсір фармацевтикалық алпауыттардың қатарында АҚШ-тың



– Берік, Мәдиұлы, мөһірдің мағынасы не? Мөһір сұрау парызға жата ма? Әлде әркімнің өз еркі ме?

– Ислам шариғаты бойынша неке қиюдың белгілі шарты болады. Соның бірі – мөһір. Шарт болғандықтан, ер адам қалыңдықтың заттай немесе ақшалай сұраған дүниесін беруі тиіс. Ханафи мәзһабы бойынша мөһірдің ең төменгі шегі – 10 дирхам. Бұл жайдан-жай алынған мөлшер емес. Пайғамбар заманында 10 дирхам бір алтын динарға тең болған. Ал бір динардың салмағы 4,25 граммға жеткен. Мөһірдің құны осы мөлшерден төмен белгіленген жағдайда оны 10 дирхамға толтыру керек.



Соңғы уақытта жастар арасында мөһір мәселесі танымал. Әсіресе, әлеуметтік желіден қымбат көлік, жылжымайтын мүлік сұраған қалыңдықтарды жиі көреміз. Сондықтан мөһірдің мәні мен шегін білу өзекті. Осы орайда Қызылорда қалалық орталық «Нұр» мешітінің бас имамы Берік Сүлейменов сұхбаттасып, аталған тақырыпқа қатысты ой-пікірін білген едік.

Ол ақшалай немесе заттай берілуі мүмкін. Ескеретін жай, мөһірдің жоғары мөлшері белгіленбеген. Қалыңдық не сұраса да еркінде. Дегенмен, тақуалық, ынсап, болашақ жарының

алдындағы жауапкершілігінің алғышарты десек, артық емес.

– Мөһірді қалың мал орнына қолдануға бола ма?


– Орынды сауал. Қазір осы тақырыпта көптеген сұрақ келеді. Жауап беру кезек күттірмейтін қадам. Мөһір мен қалыңмал

де мөһірге жатпайды. Яғни, қалыңдықтың «күйеуім өмір бойы жанымда болса», «бақытты етсе» деген қалау мөһір емес. Арнайы заттай, ақшалай қалау ғана болуы шарт. Ал ер адамның мөһірге мүлдем қаражаты болмаса, қалыңдыққа құран үйрету, шариғи үкімдерге баулуы

– Радикалданған кей теріс ағам мүшесі имам қиған некемен шектеліп, құзырлы мекемеге тіркелуді мойындамайтын болды. Бұл — әрине, заңсыздық, құқықбұзушылық. Бұған діндегі үкім мен талап қандай?

– Әрине, ақ неке мұсылмандық шартпен

«МӨҺІРДІҢ ОРЖЫНА ҚАЛЫҢМАЛ БЕРУГЕ БОЛАДЫ»



мүмкіндігі шеңберінде сұраға абзал. Құран Кәрімнің «Ниса» сүресінде: «Жұбайларыңа мөһірді шын көңілдеріңмен беріңдер», – деген сөз бар. Сондықтан мөһір ер адамның отбасы

екі бөлек дүние. Бір-біріне қатысы жоқ. Қалыңмал некенің шарты емес, мөһір өз алдына берілуі қажет. Дегенмен, қалыңдық қалыңмалды мөһір есебінде қабылдаса, соны қанағат тұтатынын растаса, ер адам мөһір берген болып саналады.

– Қандай зат мөһір есебінде қабылданбайды?

– Шариғат арам етілген заттар мөһір есебінде қабылданбайды. Сосын адамның көңіл әрекеті

мөһір болып саналады.

– Некеге куәгер есебінде қандай адамды таңдаған дұрыс? Арнайы ережесі бар ма?

– Неке куәгерлеріне қойылатын шарт белгіленген. Неке куәгері екі ер адам болуы міндетті. Егер екі ер адам болмаса, бір ер адам және екі әйел адам куәгер болуы қажет. Куәгерлер жұптың туысы немесе жақыны болуы керек деген ешқандай шектеу жоқ.

қиылу керегі түсінікті. Бұл болашақ отбасының шариғат шеңберінде өмірлік амалдарды жасауына мүмкіндік береді. Дегенмен, зайырлы, тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымызды ұмытпауымыз шарт. Оның үстіне заманауи қағидаларды да ескеру артық етпейді. Сондықтан, мемлекет заңына бағынып, некені мемлекеттік мекемеге тіркету міндетті.

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Берен ШАҒЫРОВ

◀ ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Әр істі «бісміллесіз» бастамайтын қазақтың тамысынан ислам дінімен тамыры біте қайнасқан тәрізді. Дәстүрі мен діні үндестік тауып жатады. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – деп жырлаған Абай да, «Дін – ғылымның атасы», – деген Мұқағали да әрбір сөздің байыбына барып, түп-төркініне бойлай алды емес пе?! Бәлкім, келіспессіз, бірақ өмірден алынған бірнеше мысал сөзімізге тұздық болсын.

«ОФИЦЕРДІҢ ҚҰЖАТЫ АЛДЫМА ҰШЫП КЕЛДІ»...

Ертеректе майдангердің ұлымен сапарлас болып, біршама тілдесіп қалғанбыз. Өңгіме арасында иман жайлы, сабыр туралы жиі қозғалды. Өзін білім саласының өкілі екенін зеткізген кейіпкеріміз майдангер жайлы көп естеліктерін айтқан еді... «Атам бес уақыт намазын қаза қылмайтын жан еді... Майдан даласында «окоптың» жоғарғы тұсын басып саятындай етіп, оясың да, соған басыңды сауғалайтын кез болады. Бірде орыстың офицері өзі таса оюға ерініп, атамның орнын тартып алады ғой. Атам қарсыласқанмен ештеңе шықпайды, офицер тапаншасын кезепті. Амалсыз орнын беріп, жаңа орын жасап алмаққа шегінген сәтінде өзінің бұрынғы орнына снаряд түсіп, әлгі офицердің әскери билеті атамның алдына ұшып барған екен.

Тағы бірде жау әскерімен бетпе-бет келіп, қойын-қолтық шайқасқа түскенде атамның қарсыласы өзінен 2-3 есе үлкен адам болыпты. Адам өзінің шама-шарқы мен қауқарын біледі ғой, атам сол сәтте кейін шегіне беріпті, шегіне беріпті. Бір кезде үлкен құдыққа топ етіп түсіп кетеді. Ал біршама уақыттан соң есін жинап, құдықтан шықса, біздің әскер тып-типыл

болыпты. Әр дұғасында елдің амандығын, бейбіт өмірді сұраған атамның тілеуі қабыл болып, елге аман-есен жетті. Бірақ, оның бес уақыт оқыған намазы қай кезде де қорған болып жүретініне көзіміз жеткен», – деді кейіпкеріміз.

«ҚАНШАЛЫҚТЫ БЕРСЕҢ, СОНШАЛЫҚТЫ АЛАСЫҢ...»

Көлік базардың іші ығы-жығы, кісі қарасы қалың. Қасымдағы жігіт көне көлігін сатуға шығарыпты. Мақсаты – жаңасын алу. Талай тақырыпты қаузадық. Соның бірін айтайын. «Көп жыл бұрын бір машина сатып едім. Алушының аурушаң баласы бар екен. Туабітті ме деп пайымдадым. Көлігімді алуға несие алыпты. Ал көлік іздеп табамын дегенше, несиенің алғашқы төлем күні де кеп қалыпты. Әрі-бері ойланып, менімен келіскен бағаның біршама бөлігін несиесіне төлеген. Одан мұны алғаннан кейін құжатын да заңдастыру ақша. Күмілжіп қалды. Көп ойланбадым, дереу онлайн рәсімдеп, құжатының барлығын өзім реттедім және алғашқы төлем жасаған қаржыны да қарыз деп есептемедім. Қайтарамын деген сөзіне әлгі ініме дәрі-дәрмекке жұмсаңыз деп тақырыпты жаптым.

Арада біршама уақыт өтті. Әлгі қаражат керегіме жарап, шағын кәсіп аштым, оны әрі қарай дөңгелетіп, берекесін көрудемін. Міне, қолыңдағы барды қаншалықты бөліссең, мұқтаждарға қаншалықты көмектессең, қаншалықты садақа берсең, соншалықты несібең де артады», – деді көлік сатушы.

«ҚАРЫЗДЫ КЕШІРДІМ ДЕ, ТАБЫСҚА КЕНЕЛДІМ»

Қазақта «Итке бір сүйек қарыз» деген сөз бар. Айналасындағылардан қарызды көп алып, алған қарызын қарызбен

ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰДЫРҒЫН



ДЕГЕН ОСЫ ШЫҒАР...

жауып жүретін жандар болады. Сондайда бір досымның «Өзіңде жоқ ақшаны жұмсама» деген сөзі ойыма оралады. Қош, айтатынымыз бұл емес. Тағы бір кейіпкеріміздің басынан өткен жайға куә болдық.

«Рамазан айы болатын. Қарыз сұрағыш танысым шиедәй бала-шағамның аузынан жырып, үй саламын деген ақшамның көп бөлігін сұрап алған. Бірақ кейін білдім, ол алған қаржыны құмар ойынға салып жіберіпті. Рамазан айының жұмасында әлгі танысыма хабарласып, қарызын кешіргенімді айттым. Сол сәт өзімнің қаншалықты жеңілдегенімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Ал арада апта өтпей жатып, келесі жұмада қызметте көтерілу, жалақының жоғарылауы және отбасыма жағымды жаңалық болды. Иә, кешірімді болғанның жолы болады екен», – дейді ол.

P.S. Бұл жағдайдың бәрі өмірде болған. Кейде адамдық қасиеттен алыстап, кешірімге, сауапқа мән бермейміз. Жоғарыда жазылған мысалдар, бәлкім, сізге пайдасын тигізіп қалар. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», – деген Абайдың үрегіне бүкіл әлем сыйып еді, ал бүгінде Абай бүкіл әлемнің жүрегінде. Адам баласының жүрегі бір өлшемде еді ғой...

Аян СПАНДИЯР

ЖАҒЫМСЫЗ ҚАСИЕТТЕН АРЫЛУ ЖОЛЫ



Жалқаулық – адам баласына тән жағымсыз қасиет. Жалқаулықтың өмірімізге қандай теріс әсер ететінін түсіну үшін дін туралы үлкен білімнің немесе өмірлік тәжірибенің қажеті жоқ.

Жалқаулыққа берілген адам қымбат уақытын жоғалтады. Өмірінің минут, сағат, күні, тіпті ай мен жылы зымырап өте береді. Осындай өмір салтына үйреніп алған адам мойнындағы міндеттен, жауапкершіліктен, күш-жігерді қажет ететін кез келген ауыр әрекеттен бойын аулақ ұстауға тырысады.

Ислам діні жалқаулықты құптамайды. Себебі, ол – мұсылманның бақытқа жету жолындағы кедергінің бірі. Құранда, ардақты

пайғамбарымыздың сүннетінде және ізгі ғұламалардың сөздерінде еңбек етуге, табысқа жетуге және жалқаулықпен күресуге қатысты үндеулерді көреміз.

Қасиетті Құранның «әл-Анкәбут» сүресінде: «Біздің жолымызда аянбай күрескендерді (яғни, бойындағы күш-жігерін үлгілі мұсылман болу жолында жұмсағандарды) міндетті түрде Өзіміздің жетістікке жеткізетін жолдарымызға бағыттаймыз», – деп келеді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) болса: «Уа, Алла Тағала! Қайғы-қасиеттен, уайым жеуден, дәрменсіздіктен, жалқаулықтан, қорқаулықтан, сарандықтан, қарызға белшеден батудан және адамдардың зорлық-зомбылығынан Өзіңе сыйынамын», – деп дұға жасап, бұл сөздерді үмбетіне де үйреткен.


Салиқалы сөзі мен ізгі амалы арқылы танылған ғұламаларымыз да жалқаулық туралы көп айтып, халықты сақтандырып, оның мүмкінші өміріне тигізетін кері әсерін түсіндірген. Имам Абу Хатим: «Жетістікке жетудің себебі – (істі) кейінге қалдырудан бас тарту, ал жоқшылыққа апаратын жол – жалқаулық», – дейді.

Қазақ даласының белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Жігітті кедейлікке апаратын үш тамыр: жетуге қырысқытық, шынтақтағы маубастық, құйрықтағы жалқаулық тамырлары», – дейді.

Әлсіздік пен жалқаулық – өзара серік. Егер Алланың құлы пайдасын жіберіп алса немесе одан алыстап кетсе, оның себебі қабілетсіздік болса, бұл – әлсіздік. Ал егер себебі құлықсыздық болса, бұл – жалқаулық. Адам баласы бойындағы жалқаулықпен барынша күресу керек. Алайда, бұл күресте пенде шектен шықпауы керек. Яғни, мүмкіндігінше көп ғибадат пен игі істер жасауға тырысып, қосымша құлшылықтан бөлек, негізгі діни міндеттерді орындай алмайтындай жағдайға жетпеуі шарт.

Алланың разылығына жетуге ұмтылған мұсылманның өмірінде босану кезеңдері болары сөзсіз. Осындай кездерде ниетті түзеп, алға ұмтылып, талаптансақ болғаны.

Ислам МАРАТҰЛЫ, Байқоңыр қалалық «Жәрімбет» мешітінің бас имамы



“
 Уақыт зырылдап, күндер зуылдап өтіп жатқанын қым-қуыт тірлікпен жүріп, кейде байқамай да қаласың. Көзді ашып-жұмғанша 41 жылға қадам бастым. Осы жылдар аралығында жол үстінде қаншама адамдармен дәмдес болдым. Сан түрлі тақырыпта әңгімелер айтылып, шер тарқатылды. Әр кезеңдегі адамдардың өмір деректерінен ой түйіндеп, тәжірибе алдым.”

«ЖАҚСЫ ҰСТАЗ АНАҢДАЙ ҰЛЫ»

Иә, тіріде адамның тіршілік мәзірі біткен бе, тағы да жолға шығуыма тура келді. Сол баяғы пойыздың купелі вагонына билет алдым. Вагонға мініп, сәлем беріп, купеге кірсем, құдай ақ шашты әйел адам терезеге қарап отыр екен. Бұрылып басын изеді. Жанарынан мейірім төгіліп, жүзінен жылулық лебі есіп тұрғандай. Орныма отырып, жатын орнымды жайғастырғанша пойыз да жылжыды. Сол баяғы «салт» бойынша қайнаған су әкеп, шай демдеп, жолға алғандарымды үстелге қойып, «дәмге жақындаңыз, шай ішейік», – деп кішілік көрсеттім. Шай ішіп, жөн сұрасып, оны-мұны әңгіме еттік. Бата берді. Дастарханды жинастырдым. Екеуім де терезеге қарап, біраз үнсіз отырып қалдық. Бір кезде апай менің жүзіме тесіліп қарап, тағы отырды (іштей ыңғайсыз күйге түстім). Бір уақытта жаңға жайлы қоңыр дауыспен: «Қызым, мен мектепте 40 жыл ұстаздық еттім, қазір құрметті демалыстамын, ардагер ұстазын. Алдымнан қаншама шәкірт түлеп ұшты. Ұстаз жүрегі алдаймайды, көзі қырағы келеді, әр оқушыға дәлме-дәл мінездеме бере алады, ұстаз психолог қой...».

Әңгімені көп созығы келмеді ме, сәл ойланып отырды да: «Қызым, бүгін алғаш рет көңіл қойнауына бүккен бір сырымды өзіңе ақтарғалы отырмын. Бүгін шығармасам, кейін өзімнен мәңгілікке алып кетемін. Айыпқа бұйыра көрмесің», – деді де, әңгімесін бастап кетті. – Шешем күйеуінен ажырасқан соң, інім екеуімді ауылда тұратын нағашы апасының қолына апарып тастайды. Мен бесте, інім үш жасар екен. Апайдың қатысып отырған көршісі, үйленгендеріне біраз жыл болса керек, баласы болмапты. Олар сұрады ма, әлде апай көршісін аяды ма, ол жағын білмедім, мені сол кісілерге берді. Шешеміз сол кеткеннен келмейді, бізді сұрауы жоқ деп тастап кеткен болу керек. Содан ерлі-зайыпты көршілер мені бауырларына басып, ол жерден бірден аудан орталығына көшіп кетеді. Бауырына басқан шешемнің мінезі сәл қаттылау, керісінше өкем жұмсақ, балажан кісі болды. Шешем көп ұрысатын, кейде тіпті ұратын. Баламын ғой. Жаман болсын деп ұрып-соқпайтын шығар. Мен әлжуаз, түйық, аурушан боп өстім. Дегенмен, ешнәрседен таршылық көрмедім. Өкем қатты еркелететін. Сөйтіп жүріп, мектепті бітіріп, институтқа оқуға түстім. Онда да ештеңеден кенде қылған жоқ. Жоғары оқу орнын бітіріп, ауылға өке-шешемнің қасына келдім. Мектепке мұғалім боп орналастым. Бір күні шешем: «сөз байласып жүрген адамың болса айт, көзіңнің тірісінде қолдан ұзатып, жасауыңды берейін», – деді. Сонымен не керек, көрші ауданның жігітіне ұзатылдым. Тұңғыш қызымды

босанғаннан кейін шешем өмірден озды. Өкем жалғыз қалды. Өкем о бастан кіндіктен жалғыз еді. Оның жалғыз қалғаны жанымға қатты батты. Ай сайын келіп, кір-қоңын жуып, үшін тазалап беріп кетемін. Екі ауданның арасы 4-5 сағаттық жер, жол да нашар. Сөйтіп жүргенде екінші қызым дүниеге келді. Енді екеуімен қатынау қиынға соқты. Бір күні ата-енеме: «Сіздерде шүкір ғой. Бізден кейін де балалар бар. Бізге баталарыңызды беріп, рұқсат етсеңіздер, өкемнің жанына барып тұрсақ. Бір үй боламыз ғой. Үлкен кісі, ер адам, менен басқа ешкімі жоқ білесіздер», – деп едім, енем бет қаратпады. «Жоқ, жібермейміз. Кетсең, өзің кете бер, балам бармайды», – деді. Оларда қылшылдап тұрған жас емес, түсінетін шығар деген ойда болдым. Түсінбеді. Солай екі қызымды алдым да, өкемнің үйіне келдім. Әрине, өкем қарсы болды. Мен үшін өкем бірінші орында тұрды. Күйеуім келмеді, тіпті қыздарын іздеп, ат ізін салмады. Күндер өтіп жатты. Бір күні көрші апай үйіне шақырды. Барсам, егделеу әйел мен бір жігіт отыр. Баяғы нағашы апай. «Шешең сол кеткеннен мол кетті, Ресей жаққа күйеуге тиіп кетті» деп естідім. Мына жігіт – туған інің. Көзіңнің тірісінде табыстырып кетейін деп, келіп отырмын», – деді. Інімді құшақтап, көз жасыма ерік бердім. Мауқымды басып, біраз әңгімелестік. Үйге келген соң, өкеме айта алмадым. Өкем науқастанып жүрген болатын. Сөйтіп, інім үйге келіп, отын-суымды түсіріп беріп, көмектесіп жүрді. Қаншама рет айтуға оқталсам да, неге екенін білмеймін, өкеме айта алмадым. Өкем мені қатты жақсы көріп, еркелетіп өсірді, айтқанымды екі етпейтін. Оған алғыстан басқа айтарым жоқ. Сөйткен өкемді жүрегіне ауыр тие ме деп қорықтым ба, әйтеуір айтуға бата алмадым. Өкемді балаша күттім. Ол үшін барлық қолымнан келгенді жасадым. Өзіме де, екі қызыма да қайта-қайта батасын беріп, ризашылығын айтып, өкем 87 жасында көз жұмды. Ақтық сапарына шығарып салдық. Сонда да өзіме көңілім толмады. Өкемнің алдында өзімді кінәлі санадым. Бейітіне барып, жылап отырып, кешірім сұрадым. Екі қызымның да алдында айтыптымын, өкем үшін екеуін тірі жетім еттім. Олардан да күнде кешірім сұраймын. Қазір 80-ге

“
 Иә, ұстаздың Ана жүрегі бала жүрегінен қуат алып, көкірек қыжылын басып, көңіл қойнауын зілден тазартып, тың серпіліс, соны күш алғандай ма, кеудесін тік ұстап, қадамын ширақ басып бара жатты...”

Бибисара КЕНЖЕБЕКОВА-ОМАРОВА

«МҮМКІНДІКТЕР КЕРУЕНІ»: ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС БАР



Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен **Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион жанында «Мүмкіндіктер керуені» шарасы өтті.**

Шарада жастардың өзекті мәселелерін зерделеу бағытында сала мамандарының қатысуымен мемлекеттік бағдарламалар бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Кеңес беру шарасына Қызылорда қалалық «Мансап» орталығы, «Атамекен» Ұлттық көсіпкерлер палатасының Қызылорда облыстық филиалы, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы, «Отбасы банкі» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы, облыстық «Жастар денсаулық орталығы» КММ-сі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының мамандары қатысып, жастарға бағыт-бағдар, кеңес берді. Шарада өңір жастарының талап-тілектері тыңдалып, ұсыныс-пікірлері жинақталды.

БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛУДЕ



Облыста жаңа оқу жылы қарсаңында көмекке мұқтаж **37 087** баланы бір реттік қаржылай көмекпен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен **1,3 млрд теңге бөлінген.**

Сондай-ақ «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер тарапынан да көмек берілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз конференциясында облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердаулетов баяндады.

– Науқан аясында 1754 бала қаржылай көмек берілді. 3 156 балаға оқу құралдары, 485 балаға мектеп формасы, 196 балаға аяқ киім алынды. «Самұрық-Қазына» Қорының бастамасымен 1 сыныпқа баратын 1830 оқушыға рюкзак пен кеңсе заттары табысталды. Мұнан өзге, «Ел-арай» Қорымен 500-ден астам балаға көмек көрсету жоспарлануда. Бүгінде жеке мектептерден шыққан 2000-нан астам баланың мәселесін шешу қарастырылуда, – деді Бағдат Камбозұлы.

«ЖАСТАРМЕН БІРГЕ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ



Байқау Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның гранттық қаржыландыруы аясындағы «Ules» жобасы негізінде өткізіліп жатыр.

Байқау 6 кезеңнен тұрады. 1-кезең байқауға қатысуға өңірлерден өтінімдерді қабылдау болса, 2-кезең «OzgerIS» менторлық бағдарламасы, 3-кезең «Facetoface» кездесулер алаңы, 4-кезең бейнероликтер байқауы, 5-кезең «Жеті жарғы» танымдық алаңы, ал 6-кезең «Бірлігі жарасқан» дауыс беру ортасы болып белгіленген.

Байқауға қатысуға өтінімдерді қабылдау 14.08-23.08.2023 ж. аралығында zhastarmen.birge@gmail.com электронды почтасы арқылы жүзеге асты.

ХАТ ҚОРЖЫН

Өкесін жақсы көрмейтін адам кемде кем. Жақсы көргенің былай тұрсын, өке сөзін естігенде жүрегі елжірей түсетіндердің бірімін. Өкені асқар тауға теңейтін дана халқымыз оның ұлылығы мен қадір-қасиетін ұрпақтан-ұрпаққа ұғындырып келеді. Сол сияқты мен де бүгін өз өкем жайлы сөз қозғауға бел будым.

Өкемнің мінезі жайлы қанша жазсам да аздық кетеді. Ұйқасы келсе, бір дастан жазуға жететін естелік бар. Соның ішінде оның мінезіне қайран қалатынымын. Ұстамды қалпы, бірсөзділігі көз алдымда. Қаталдығынан төртіпке бейімделдік. Әңгімелескеннің өзінде әр сөзімізді сүзгіден өткізетінбіз. Бірақ та жүзі суық көрінгенмен жүрегінің нәзіктігі, балаға деген махаббаты аңғарылатын. Жақындарына деген

ІШКІ ТОЛҚЫНЫС

құрмет-сыйластығы да бізге үлгі болып қалды. Бала кезімнен өкемнің ұстазына деген құрметжүрегімде мөрмен басылған таңба қалдырды. Содан да болар кей кезде өлгі ұстазды көргенде өкемді көргендей боламын. Өкешімнің кейде таңдана, ал кейде паңдана қараған әдемі көзі

жадымда. Бәрінен де ортамызда жүрген бақытты шақ, керемет кездерін аңсаймын. Өкешіме деген сарқылмайтын сағыныш, таусылмайтын махаббат бойымды әлі де кернейді. Бір білерім, өке рухы біздерді ерқашан қолдан-қорғап жүреді.

Дос ТАБЫЛДЫ





Соңғы жылдары саламатты өмір салтын ұстанған қазақстандықтар саны артуда. Олардың қатарында зейнет жасына жетсе де, кәрілікке бой алдырмай жүрген қарттар да баршылық.

Мәселен, бұған дейін қазалылық қарияның үздіксіз жүгірумен айналысатынын айтсақ, бүгінгі кейіпкеріміз – Алла Мян да спортан қол үзбеген. Қимылы ширақ, қуаты орнында. Осыдан-ақ спортты серік еткен жанның сергек жүретініне сенім үдейтіні сөзсіз.

Жетпісті алқымдаған желаяқ бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек еткен. Денсаулық жайы әрі жастық шақтан бергі дағды бойынша жүгіруді әдетке айналдырып, жаттығудан алыстамаған екен. Нәтижесінде қазіргі таңда әуесқой жүгірушілер арасында қысқа қашықтыққа жүгіруде ең жоғары нәтиже көрсетуде.

Расында, көптеген адам кеңседе жұмыс істейді. Тұрақты қозғалыс болмағандықтан буын аурулары мазалауы мүмкін. Ауру жанға батқанда дәрігер жағалап, түрлі ем-домға жүгінетініміз тағы бар. Алла Мян да жүгіруді жүйелі жолға қоюға денсаулығы жағдайы итермелегенін

«ЖАЛҚАУЛЫҚТАН АРЫЛУ КЕРЕК»

жасырмайды. 30 жыл бойы ұстаздық қызмет атқарған жерлесіміз мұғалімдіктің жауапты міндетін еңсеріп, тұрақты жүгіруді жоғалтқан. Кейін зейнеткерлікке шыққаннан кейін буыны мазалай бастағасын емхана есігін тоздыратын болыпты. Ал дәрігерлер болса, оның емі спортпен шұғылдану екенін айтып, тұрақты жүгіруге кеңес берген. Осылайша, жерлесіміз денсаулығын жақсарту үшін стадионға барып, жаттығуды бастаған.

«Менде иық өрімі плекситі болды, оны жазуға екі апта кетті, кейін стадионда түрлі жарыстар басталды, маған қатысу ұсынылды, күтпеген жерден бірінші орындар ала бастадым», – деді спортшы. Саламатты өмір салтын бастау үшін кіріскен әдет әуесқойлыққа жетелеп, кейін Алла апай өзінің спортқа деген қабілетін байқай бастаған. Ол облыс құрамасының құрамында бақ сынап, республикалық чемпионатта алтын алды. Қазір бірде-бір жарыстан қалмай, аймақ абыройын арттырауда.

«Жасына қарамастан ол Қазақстан бойынша ең жақсы

нәтиже көрсетіп отыр. Кейінгі жарысқа 40 жасқа дейінгі жас санатында қатысып, тіпті арамызда бірінші орын жеңіп алды. Барлығы таңғалды», – дейді Қызылорда қаласының тұрғыны Малика Омарова. Алла Мянның әуесқой спортпен айналысқанына 10 жыл болды. Ол облыстық, республикалық чемпионаттарда үнемі жүлделі орындарға ие болып жүр. Зейнеткер жақында Қарағандыда өткен республикалық жарыста рекордын жаңартып, барлық қашықтықта үздік атанды. Оның қоржынында тағы 7 алтын медаль бар.

«Мен минутқа қарамаймын, нәтижелерді кәсіби түрде сараламаймын, кәсіби түрде жұмыс істемеймін, мен жай ғана қызық болғаны үшін жаттығамын. Маған спортқа толы өмір ұнайды. Жастар да жалқаулықтан арылу керек», – деді.

Енді зейнеткер алдына жаңа міндет қойды. Ол әлемді мойындатып, халықаралық жарыстарда Қазақстанның туын желбіретуді армандайды. Ал, ол жастарға үлгі болар бастама.

ЖЕҢІСТІ ЖОЛДАҒЫ ЖЕРЛЕСТЕР



Спорт мерекесі Сыр елінде ерекше тойланды. Ең әуелі мереке аясында велошеру өтті. Шараға кез келген қала тұрғынына мүмкіндік берілді. Тұрғындар сол жағалаудағы «Болашақ» университеті ғимаратының алдына келіп тіркелді. Мәреге жеткен барша қатысушылар арасында лотерея ойнатылып, сыйлықтар табысталды.

Сондай-ақ Президент саябағында кешкілік мерекелік шара өтіп, концерттік бағдарлама көрерменге ұсынылды. Салтанатты кеште облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов сөз сөйлеп, спортшыларды құттықтады.

– Ойы сергек, дені сау ұрпақ – қоғам байлығы. Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. Дені сау ұлт бәсекеге қабілетті. Сондықтан Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмасы өңірде жүйелі орындалуда. Бүгінде спортпен айналысушылар саны 38 процентке артып, 316 100 адамға жетті, – деді Нұрымбет Аманұлы.

ЖАСТАР СПАРТАКИАДАСЫ ӨТТІ



Сырдария ауданында «Жасыл ел» еңбек жасақтары арасында спартакиада өтті. Тартысты бәсекені тамашалауға аудан әкімі Берік Сәрменбаев қатысып, шараның ашылу салтанатында сөз сөйледі.

Аудан орталығында өткізілген спорттық шарада жастар жасағы әртүрлі сайыстар бойынша жарысқа түсті. Атап айтқанда, эстафета бойынша өзара бақ сынады.

Быыл аудан бойынша «Жасыл ел» жасағында 200 жас еңбек етті. Жастар 3 ай бойына Терөнезек кентінің көркейіп, гүлденуіне үлес қосып, туған жерге деген жанашырлық көрсетті.

ЖҮЙРІКТЕР СЫНҒА ТҮСКЕН СӘТ



Қызылордада еңбек ардагері Жәнібек Әбдімәлікұлының құрметіне республикалық деңгейде ат бәйгесі өтті.

Бәйгені облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ашып, ұлттық спорттың дамып жатқанын жеткізді.

Жүйріктер жарысы үш бөлімге бөлінді: Тай бәйге, Құнан бәйге, Аламан бәйге. Ұтысқа 2 автокөлік, 1 мотоцикл тігілді, оған қоса ақшалай сыйлықтар да бар. Тай бәйгеде шабандоздар 6 шақырым қашықтықта жарысып, алғаш келген 4 тайға жүлделі орындар берілді. 2,3,4-орын иелері ақшалай сыйлық алса, 1-орынға мотоцикл берілді. Тай бәйге бойынша 1-орын Жамбыл облысынан Нұржігіт Камилға (аттың лақап аты Аңыз) бұйырса, 2-орынды қызылордалық Әлихан Бәрібаев (Ураган) иеленді. 3-орын Алматы облысы, Жамбыл ауданынан келген Әлібек Нұрғазыұлына (Бұлақ) бұйырса, 4-орынды ақтөбелік Нұрқат Әдебит (Мереке) еншіледі.

Құнан бәйгеге ақшалай сыйлықтармен қоса «Лада Гранта» автокөлігі 1-орын иегеріне табысталды. Бәйге 12 шақырымнан тұрды.

Құнандар сайысында 1-орынды Алматы облысынан келген Абзал Тұрмыс (Мамлюк) иеленсе, 2-орын Алматы облысынан Бекзат Ділдаханға (Маржан), 3-орын Шиелі ауданынан Ералы Асуға (Мархаба), 4-орын Ақтөбе облысынан Мирас Жұмалыға (Сұңқар) бұйырды.

Ат жарыстың Аламан бәйгесінің бас жүлдесі «Нива» автокөлігі болды. 24 шақырымға созылған бәйгеде 36 тұлпар сап түзеді. Бәйге жүлдегерлері түйе, жылқы, өгіз сынды ірі қара жеңіп алып жатты.

Аламан бәйге бойынша 1-орын Қызылорда қаласы Думан Қалиға (Ақкөз), 2-орын Жамбыл облысынан Лесбек Молдасханға (Талисман), 3-орын Қызылорда қаласынан Арнұр Саматұлына (Самал) бұйырды.

Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ



ЖАРМЫ АСАП ЖЕМЕС

Кезінде одақтық деңгейде ел намысын қорғаған Алматының «Қайраты» 1958 жылы алғашқы ресми кездесуін өткізді. Арада он жылдай өткенде Қызылордада да сондай ұжымның тұсауы кесіліп, жергілікті жұрт алғаш рет кәсіби клубтың ойынын тамашалауға мүмкіндік алды. Оған негізінен қызылордалық жастар тартылды. Сонымен қатар, Алматыдағы футбол мектебінің бірқатар түлектері де жаңа команда құрамын толықтырды. 1968 жылы қазіргі Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадион елдің игілігіне айналып, онда жергілікті команданың тұңғыш ресми кездесуі өткізілді.


Ал сол кезеңде Қызылордадағы кәсіби клубқа Петр Боголюбов, Виктор Шишин, Юрий Дедиков сынды білікті мамандар бапкерлік жасаған. Бір қызығы, команда атауы алғашқы жылда үш мәрте өзгеріпті. Әуелгіде «Қызылорда» атанған ұжым мамыр мен шілде аралығында «Волна» деген атаумен ел біріншілігінде облыс намысын қорғады. Сол жылдың шілдесі мен 1973 жылдың соңына дейін «Автомобилист» клубы ретінде бәсеке көрігі қыздырды. Біздің ұжым 1974-1978 жылдарда «Орбита», 1979-1989 жылдарда «Мелиоратор» атанды. Мұның бәрі – тарих. Ал «Қайсар» атауы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында берілді.

Одақтық кезеңде өңір футболшылары айтарлықтай жеңіске қол жеткізе алмады. Оған себеп те жоқ емес. Өйткені команда сапында тәжірибелі ойыншылардың болмауы, футболшылардың жастығы әсер еткен.

Тек 1970 жылы жергілікті клубқа бас бапкер қызметіне белгілі спортшы Тимур Сегізбаев келгенде ғана клуб тәуір нәтиже көрсете бастады. Жасыл алаң үстінде шеберлігімен жанкүйердің жүрегіне жол тапқан жарық жұлдыз мұндай жауапты жұмысқа алғаш келіп тұрса да, өзінің біліктілігі мен қабілеті жоғары екенін көрсете білді. Жерлестеріміз сол жылы 16 команданың арасында алтыншы орынға табан тіреді. Олар 30 ойыннан кейін 35 ұпай жинады. Қызылордалық футболшылар қарсыластар қақпасына 41 доп соғып, өз қақпасына 27 доп жіберіп алды. Команда 15 мәрте жеңіске жетіп, 5 рет тең түсіп, 10 ойында қарсыласына есе жіберді. 1971 жылы да дәл осындай жетістік қайталанды.

Биыл жергілікті «Қайсар» футбол командасының құрылғанына 55 жыл толды. Жарты ғасырдан астам уақытта құраманың жарқын ойын өрнегі футболсүйер қауымның жадында сақталып, лайықты бағасын алып үлгергені анық. Айтулы дата қарсаңында команданың тарихи сәті мен жетілу жолына шолу жасау орынды секілді.

Қазақ поэзиясының үні қарлығып қалмауы үшін жаңа тыныс, тың ізденіс пен озық ой керек. Еркіндігімен елеулі дүние тудырып, сезімін сөйлететін ақындар өлеңі оқырман назарынан түспеуі маңызды. Күйбең тірлікте күйгелектенбей, бір сәт жан тыныштығын сезініп, санаға серпіліс беруде өлеңнің құдіреті шексіз екені анық. Осы ретте әдебиет пен оқырманның әдемі байланысына дәнекер деп «Тармақтар» жобасын айтсақ болады. Жақында жаңа мазмұндағы екінші кітап өлеңсүйер қауымға жол тартпақ. Бұл туралы кітап авторы Еламан Төлеутаймен әңгіме өрбіткен едік.



«TARMAQTAR» ТРЕНДТЕ

– «Тармақтар» еш жарнамасыз танылған жоба. Бүгінде оқырманның ықыласы ыстық. Кітап авторы ретінде сезім-күйіңізбен бөліссеніз...

– Әдебиет деген айдыңға сызашықтай болып қосылған «Тармақтар» жобасын телегейдей шайқалтып, теңіз еткен қазақ поэзиясының алдияр оқырманы. Қазақ әдеби контентінде өзіндік орнын айқындаған бұл жоба оқырманның көз алдында дамып, жетілді.

О баста онлайн өткен «Поэзия түні» алты қалада онлайн форматта өтті. Жан ішегің, жүрек қылын қозғайтын музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен мейрамханаларда ұйымдастырылған кештер ақылы болды. Өлең тек кітапхана мен аудиторияларда ғана оқылмау керек деген қағидамен солай еттік. Орын санын шектеулі қылдық. Ол да өлең кешіне әрбір оқырман ешкімнің қинауынсыз, жан қалауымен бару керек деген ой еді. Біз ұлы поэзияның шын оқырмандары, риясыз фанаттары бар екеніне сендік. Сеніміміз ақталды да. «TARMAQTAR» жарық ықыласына бөленді. Кітаптың әр беті оқыған жанға ерекше сезім сыйласын деген ниетпен үлкен іңкәрлікпен жасаған едік. Оқырманнан толассыз келген алғыс пен ып-ыстық махаббатқа оранған хаттарды оқыған сайын жүрегіміз жылып, ойға алған дүниеніміздің орындалғанына қуандық.

– Алғашқы кітаптың сатылымында рекордтық көрсеткіш орнады. Жуырда жарық көретін жаңа мазмұндағы кітап таралымы қанша болмақ?

– Осы уақытқа дейін «TARMAQTAR» кітабының 6 мыңнан астам данасы сатылып үлгерді. Екі мың данамен шыққан еді. 1 айға жетпейтін уақытта таусылып, оқырманның сұранысы бойынша қайта басылды. Кітабымыздың екінші бөлімі әзірге екі мың данамен шықпақ. Бұл жолғы кітаптың атауы – «Махаббатымды жеткізетін тармақтар». Ішіне қазақ ақындарының тек ғашықтық тақырыбындағы өлеңдері енді. Кітаптың мазмұны өзгергенмен, форматы ауыспады. Елімізде жарық көріп жатқан поэзия тіліндегі кітаптар жарнамаға мұқтаж. Нарыққа ілес алмай қалып жатады. Шетелдегідей әрбір автор әдеби агенттермен бірлесе жұмыс жасаса, ақындарымыздың жыр жинағы бірнеше мың данамен таралып, сатылар еді. Қазіргі маркетингтегі жаңа қадамдарды тосырмай, меңгеруіміз қажет.

– Тың жобаға, эстетикаға толы кітапқа шетелден де қызығушылық танытқандар бар екен. Алдағы уақытта сұраныс пен ұсыныс қаншалықты қамтылмақ?

– Өзбекстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Ресейдегі оқырмандарымыз қызығушылық танытты, кітапты сатып алды. Орыс тіліндегі нұсқасы жарық көрсе екен деген пікірлерді де көп оқыдық. Бәлкім болашақта басқа тілдерге аударып қалармыз. Ол әзірге уақыттың еншісінде.

– Ақын өлеңдеріндегі тұтас сезімді тармақтап, оқымаған ой орамын оқырманға ұсыну үшін поэзияны тауыса оқисыз ба? Талдау қалай жасалады?

– Кітапты әзірлеу барысында көп уақыт жұмсайтын тұсымыз тармақ таңдау. Әр автордың өлеңдерін оқып шығамыз. Өзімен хабарласып, жарияланбаған өлеңдерін сұраймыз. Бірінші кітапқа қарағанда екінші кітапқа енетін өлеңдерді таңдау қиын болды. Себебі тақырып біреу ғана

болғандықтан, іріктеп алған тармақтарымыз мазмұны жағынан бір-біріне ұқсап кетпеуі шарт. Қиналған тұсымыз да осы болды. Стильдік тұрғыдан да ерекше жазатын, өлеңдегі өрнегі, ойы өзгеше ақындарды іздедік. Осы жұмыстар барысында өзімізге жаңалық болған бірінше жаңа авторларды таптық.

– Екі жыл ішінде сынды да ескеріп, мақтауды да естідіңіз. Әр қаладағы поэзия түні, жарық көрген қос кітап, оқырман тарапынан қабылдау оңай емес. Жалпы, жобаны кім қаржыландырады?

– Бұл жобаны ешкім қаржыландырмайды. Аяққа тұрғызып, дамыту жолында көп тәуекелге бардық. Кітаптың екінші бөлімі де өз қаржымызбен шығады.

– Жеке шығармашылығыңызға оралсақ. Өз кітабыңызды жарыққа шығару жоспарда бар ма?

– Шығармашылық әзірге осы. Жаңалық күтіңіздер!

Сұхбаттасқан
Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

ӘЖІМ ӘЖІМ ӘЖІМ



Қызылордалық кәсіпкер Индира Жұмашева түйе жүнінен көрпе тігеді. Сондай-ақ ол көрпені қалай таңдау керегін, неге мән беру керегін өте жақсы біледі. Айыр өркештің өнімінен дайындалған көрпелерді Аралдың брендіне айналдырғысы бар. Кәсіпкердің айтуынша, қазірдің өзінде көрпе тігу үшін 1,5 тонна түйе жүнін пайдаланылды.

Кейіпкеріміз алғашында сұлулық салонында жұмыс істеген. Уақыт өте кәсіп ашуға бет бұрған. Көптеген идея туындап, тиімді деген кәсіп түріне тоқталған. Ол тың кәсіпті меңгеруді ойлап, замандастары істеп жүрген іске ат басын бұрғысы келмеген. Осылайша, тігін тігуді қолға алады. Ерекше өнерді анасынан үйренген. Бүгінде «Ай-Аружан» тігін орталығында 15 адамды жұмыспен қамтып отыр. Цехта көрпелен қоса, перде, тұрмысқа қажетті өнімдер дайындалады. Тапсырыс жан-жақтан түседі. Кәсіпкердің түйе жүн көрпе тігумен айналысқанына да 5-6 жыл болған. Оның айтуынша, бір адамдық көрпеге 1,8-2 келі жүн кетеді. Онда да көрпеге түйенің барлық жүні жарай бермейді, тек бүйір жүні керек. Көрпелерге Астананың, Алматы мен Қарағандының тұрғындары ерекше қызығушылық танытып, жиі тапсырыс береді екен.

«Қазір тұтынып жүрген жамылғы көрпелердің басым көпшілігі синтетикадан. Арал – теңізінен өзге түйесімен де танымал екенін жақсы білесіздер. Міне, сол түйенің жүнін «неге кәдеге асырмасқа?» деп ойлана бастадым. Алғашында түйе

жүн көрпені дайындап, өзім пайдаландым. Ұнағаны жеңіл, әрі ауа өткізу қабілеті жоғары, яғни денең демалады. Осылайша жаңа өнімді нарыққа шығаруды қолға алдым», – дейді Индира Жұмашева.

Кейіпкеріміз түрлі маманмен кеңесіп, жұмыс істеп жатыр. Мәселен, жақында Алматы қаласынан арнайы эксперт алдырып, мамандарын оқытып алмақты. Одан бөлек Италия, Түркиядағы өріптестерімен де байланыс орнатуда. Индира бастаған істі аяғына дейін жеткізетіндер қатарынан. Алға қойған мақсатын іске асыру үшін күн-түн демей жұмыс істеуге әзір. Білімін жетілдіруге де, семинарларға қатысудан да алда келеді.

«Бір түйеден 3 келі бүйір жүн шығады. Біз соны пайдаланамыз. Ол ең жұмсақ, қолдануға қолайлы. Оны жақсылап жуып-тазалап, түткеннен кейін ғана көрпе дайындалады. Өніміміз экологиялық таза. Жақында сәйкестендіру сертификатын алдық. Түйе жүнін бізде бірден сыртқа жіберіп жатыр. Сапалы шикізатты жинау үшін ауыл аралап, алдын ала ақысын төлеп, келіссөздер жүргізіп жатырмыз», – дейді кәсіпкер.

Кәсіп иесі өз ісін жетілдіруде облыстық Кәсіпкерлер палатасының қолдауы ерекше екенін атап өтті. Салаға қатысты түрлі жаңалықтарды, қолдау механизмдерін осы ұйым арқылы меңгеріп жүргенін айтады. Биыл Индираның түйе жүн көрпесі Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырған «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауында «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясында жеңімпаз деп танылған. Ендігі кезекте ол республикалық кезеңде бақ сынайтын болады.

ЖҮЛДЫЗ ЖОРАМАЛ (24 – 30 тамыз)

Тоқты

Аптаның алғашқы бөлігі тоқтылар үшін жемісті болмақ. Есте сақтау қабілетін жақсартып, зияткерлігін дамытып, өзгеше ойлап үйренеді. Тәжірибелі адамдармен танысады.

Торпақ

Осы аптада торпақтар өмір сүру қағидасын немесе күн режимін өзгертеді. Өйткені алдыңғы жүйенің сәтсіз болып келе жатқанын түсінетін кез келді. Айналада болып жатқан істерге басқа көзқараспен қарай бастайсыз. Ал аптаның екінші бөлігінде көтеріліп, жаңа қызмет күтуі мүмкін.

Егіздер

Егіздердің біраз тірлігі серіктесінің белсенділігіне байланысты шешілуі мүмкін. Осындай қарқынмен көптеген мәселені тындыруға болады. Ал аптаның екінші бөлігінде достармен кездесіп, бас қосу артық етпейді.

Шаян

Шаяндар аптаның басында сезімталдылығымен көзге түседі. Жерде шашылған киімдер, жұмыс үстеліндегі бір бума қағаз оның көңіл-күйін түсіреді. Бір орында отыра бермей, бәрін бір деммен жинап тастап, бір сергіп алу керек. Сол кезде ғана жаныңыз жай табады.

Арыстан

Аптаның алғашқы бөлігінде жеке бас қамын ойлап жүресіз. Ал аптаның екінші бөлігінде саяхатпен, білім-ғылыммен айналысқан жөн. Егер достарыңыз қыдыруды ұсынса, бас тартпаңыз.

Бикеш

Бикештер отбасылық мәселелерді шешу үшін көп ойланады. Туыстарға көмектесіп, жиі жүздесіп тұру керектігін естен шығармаған дұрыс. Одан кейінгі мәселе – денсаулық, дене сымбатына мән беру. Назарды іскерлік өмірге де бұру керек.

Таразы

Аптаның басы таразылар үшін жемісті болмақ. Жаңа достар табуға қолайлы кезең. Ал аптаның екінші бөлігінде жеке бас мәселелері шешіледі.

Сарышаян

Аптаның бірінші бөлігін отбасылық мәселелерге арнаған дұрыс. Қаржылай, материалдық мәселелерге өкеп тірелетін кикілжіндерді шешетін сәт келді. Үйдегі жауапкершіліктен қашпаңыз.

Мерген

Мергендер аптаның алғашқы бөлігінде барлық жұмысты қадағалап, назарда ұстап отыруы қажет. Егер бір мәселені шеше алмай отырсаңыз, біреудің көмегіне жүгінуден ұялмаңыз. Бұл апта серіктестік құруға сәтті уақыт.

Тауешкі

Олар аптаның басында материалдық және қаржылай мәселелердің шешілуіне көңіл бөледі. Қосымша табыс көзін іздеп, жаңа кәсіпті бастауын күтеді. Ал аптаның екінші бөлігінде отбасыңызға мән бересіз. Алыс-жақын туыстар бас қосса, қалып қоймаңыз.

Сұқұйғыш

Сұқұйғыштар аптаның бірінші бөлігінде өзін-өзі жетілдіру мәселесіне мән береді. Жеке құндылықтарды да, мақсаттардың орындалуын да қадағалайды. Жетістікке жету жолында ескі достар көмектеседі. Олардың кеңестеріне міндетті түрде құлақ асыңыз.

Балықтар

Аптаның алғашқы бөлігінде мансап жолында зор жетістікке қол жеткізуі мүмкін. Қызметіңіз жоғарыламаса да, басшылар тарапынан қолдау күтесіз. Аптаның екінші бөлігінде немесе апта соңында дүкен аралап, өзіңізді қуантсаңыз болады.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
Тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1333